

**"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Күшін жойған

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. Күші
жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы"
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 29 қаңтардағы Заңын (бұдан әрі - Заң)
іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген
т ә р т і п п е н :

1) екі айлық мерзімде жұмыстағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою
туралы нұсқаманың үлгілік нысанын әзірлесін және бекітсін;

2) бір айлық мерзімде республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі
бақылаумен айналысатын бөлімшелерді күшейте отырып, Қазақстан
Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның штат санын
қайта бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан
Республикасының Білім және ғылым министрлігі және Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (келісім
бойынша) 2003 жылдан бастап республикалық және жергілікті бюджеттердің
атқарылуын бақылау саласында тұрақты жұмыс істейтін кадрлардың біліктілігін
арттыру және қайта даярлау курстарын ұйымдастырсын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Заңды іске
асыру бойынша, оның ішінде штат санының бекітілген лимиттері шегінде
жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті
органдарды анықтау бөлігінде шаралар қабылдасын және 2002 жылғы 1
желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне атқарылуы
туралы баяндасын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК